



МӘДЕНИЕТТАНУ  
(CULTURAL STUDIES)

Мәдениеттанудың (cultural studies) теориялық негіздері

- Экзистенциализм
- Психоанализ
- Марксизм

## ЭКЗИСТЕНЦИАЛИЗМ

- **Экзистенциализм** (лат. *eksistentia* – өмір сүру) – адам өмірінің мәні, оның тұлғалық болмысы жайлы батыс философиясындағы иррационалистік бағыт. Адамның өзіндік Менін тануы, өмір мен өлімнің мәні, еркіндіктің мағынасы, адамгершілік, рақымдылық, сұлулық, әділеттілік пен ақиқат, адамның дүниеге келудегі мақсаты, қоғамдағы орны сияқты көптеген философиялық мәселелердің шешімін табуға итермелейді. Экзистенциализм бағыты өкілдерінің көзқарасы бойынша өзіндік Менін түйсіну және өзгемен санау адамды саналы әрекетке жетелейді. Өзгенің бостандығына қол сұққан жағдайда бостандықтың қадірін білетін адамның ар-ожданы бас көтеруге тиісті. Қоғам егер осындай еркін тұлғалардан құралса, онда үйлесімді, шығармашылық байланыстағы, бірін-бірі түсінетін, әрқайсысы өз құқығын білуімен қатар, өз міндеті мен жауапкершілігін толық сезінетін толыққанды қауымға айналады деп санады. Экзистенциализм философиялық бағыт ретінде ХХ ғасырда қалыптасты. Ол адамгершілік құндылықтар күнделікті тұтынушылық қажеттіліктердің тасасында қалған, техногенді, индустриалды, қатыгез қоғамға қарсылық ретінде туындады. Адамгершілік құндылықтарға бет бұру бұл бағыттың басты ерекшелігі.



Экзистенциализмнің негізгі өкілдері: М. Хайдаггер, К. Ясперс, Н.А. Бердяев, Ж.П. Сартр, Г. Марсель, А. Камю, сондай-ақ олардың идеялық қолдаушылары: Августин, Ф. Шеллинг, С. Кьеркогор, А. Шопенгауэр, Ф.М. Достоевский, Ф. Ницше болып саналады. Экзистенциализм еуразиялық әдебиеттің, театрдың, басқа да өнер салаларының дамуына үлкен ықпал етті. Қорқынышқа байланысты көптеген шығармалар туындап, оны жеңу, адамгершілік құндылықтарды адам тіршілігінің баянсыздығы тұрғысынан қарастыру басты тақырыпқа айналды.

## Philosophers > Existentialism



Jean-Paul  
Sartre  
1905–1980



Søren  
Kierkegaard  
1813–1855



Albert Camus  
1913–1960



Martin  
Heidegger  
1889–1976




Friedrich  
Nietzsche  
1844–1900

## ПСИХОАНАЛИЗ

- **Психоанализ** (нем. Psychoanalyse) — XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында австриялық невропатолог және психиатр Зигмунд Фрейд (1856-1939) жасаған психологиялық теория, сондай-ақ осы теорияға негізделген психикалық бұзылуларды емдеу әдісі. Психоанализдің тиімділігі үнемі сынға алынады. Соған қарамастан, ол әлі де осы әдісті ұстанатын психиатрия мен психиатрларға айтарлықтай әсер етеді, дегенмен соңғысының үлесі психоанализге балама ретінде когнитивті мінез-құлық терапиясын қолдайтын дәлелді медицинаның ықпалына байланысты бірте-бірте азайып келеді.
- 3. Фрейдтің бастапқы психоанализ теориясы (фрейдизм деп аталатын) Фрейдтің бұрынғы әріптестері мен шәкірттері – Альфред Адлер мен Карл Юнг, кейінірек – неофрейдшілер Эрих Фромм, Карен Хорни, Гарри Салливан, Жак Лакан және т.б. еңбектерінде одан әрі дамып, кеңейтілді және де сыни тұрғыдан қайта қарастырылды.

ЗИГМУНД ФРЕЙД  
(1856-1939)



### 3. ФРЕЙДТІҢ ӘРІШТЕСТЕРІ





Психоанализдің негізгі принциптері мыналар:

- ✓ адамның мінез-құлқы, тәжірибесі мен білімі көбінесе ішкі және, әдетте, иррационалды жетектермен анықталады;
- ✓ бұл жетектер негізінен бейсаналық;
- ✓ осы жетектерді білу әрекеті қорғаныс механизмдері түріндегі психологиялық қарсылыққа әкеледі;
- ✓ жеке даму тұлғаның құрылымымен ғана емес, көбінесе ерте балалық шақтағы оқиғалармен анықталады;
- ✓ шындықты саналы қабылдау мен бейсаналық (репрессияға ұшыраған) материал арасындағы қақтығыстар невротикалық сипаттағы белгілердің пайда болуына, сондай-ақ невроздарға, қорқыныштарға, депрессияларға және басқа психоэмоционалдық бұзылуларға әкелуі мүмкін;
- ✓ бейсаналық материалдың әсерінен құтылуға оны білу арқылы қол жеткізуге болады (мысалы, тиісті кәсіби қолдау арқылы)




### 3. ФРЕЙДТІҢ САРАТОВТАҒЫ ПСИХОАНАЛИЗИ

## МАРКСИЗМ МӘДЕНИЕТ ТЕОРИЯСЫ

- **Марксизм** — XIX ғасырдың 40-жылдары Карл Маркс пен Фридрих Энгельс негізін қалаған философиялық, экономикалық және әлеуметтік-саяси көзқарастар жүйесі. Марксизмнің теориялық қайнар көзі — классикалық неміс философиясы (Г. Гегель, Л. Фейербах), классикалық ағылшын саяси экономикасы (А. Смит және Д. Рикардо) және француз утопиялық социализм ілімі (Ш. Фурье, Р. Оуэн және Сен-Симон) болып табылады.
- Марксизмнің мақсаты — қоғамның негізгі қозғаушы күші ретінде жұмысшы табының маңызын теориялық негіздеу болды.

КАРЛ МАРКС ПЕН ФРИДРИХ ЭНГЕЛЬС



Мәдениет туралы маркстік тұжырымдардың көпшілігінде бес элемент кездеседі:

- материализм
- тарихи конъюнктуралардың басымдылығы
- еңбек және әлеуметтік тап
- қоғамдық қатынастарды бұзатын идеологиялар
- бәсекелес әлеуметтік және саяси мүдделердің нәтижесінде пайда болатын әлеуметтік өзгерістер.

Марксизм ілімі бойынша тарих барлығы бес формациядан:

1. алғашқы қауымдық,
2. құл иеленушілік,
3. феодалдық,
4. капиталистік және
5. коммунистік формациялардан тұрады.

Соңғысы адамзат дамуының ең биік сатысы деп саналды. Дегенмен, марксизм қоғам өміріндегі әлеуметтік және саяси үдерістерге үстіртін қарады, түпкі мақсатқа жетуде қантөгіске толы тап күресіне басымдық берді, оның қоғам дамуының ағымына қарай икемділігі төмен болды. XIX ғасырдың аяғынан бастап марксизм социал-демократиялық қозғалыстың негізгі идеологиясына айналды.

Бірақ XX ғасырдың бас кезінде бұл қозғалыс екіге бөлінді:

1. В.И. Ленин, т.б. бастаған төңкерісшіл бағыт
2. Э. Бернштейн, т.б. бастаған реформашылдық бағыт.

Реформашылдар бірте-бірте марксизмнің негізгі теорияларынан бас тартып, қазіргі Батыс Еуропа елдеріндегі социал-демократиялық идеологияны қалыптастырды. Ал Ленин бастаған солшыл күштер Ресейдегі Қазан төңкерісінен кейін коммунистік тоталитарлық жүйенің негізін қалады. 1990 жылға дейін марксизм социалистік елдерде мемлекеттік идеологияға айналды. Социалистік жүйе құлағаннан кейін, марксизмді қайта зерттеп баға беретін жаңа кезең басталды.

- Мәдениеттанудың (cultural studies) алғашқы жақтаушылары негізінен **марксистік** көзқарасты ұстанды.
- Мәдениеттану (cultural studies) пән ретінде 1960 жж. Стюарт Холл, Ричард Хоггарт, Э.П. Томпсон мен Рэймонд Уильямс есімді ғалымдардың арқасында қалыптасты. Аталған ғалымдар соғыстан кейінгі Ұлыбританиядағы басым гуманитарлық теорияларға қарсы шыққан; олар мәдениеттің әлдеқайда күрделі ұғым екенін және оның дамуын толық түсіну үшін қоғамдағы көптеген элементтерді жан-жақты талдау қажеттігін айтқан. «Мәдениеттану (cultural studies)» терминін Ричард Хоггарт 1964 жылы Ұлыбританияда Бирмингемдегі Қазіргі заманғы мәдени зерттеулер орталығын құрғаннан кейін енгізді. Мәдениеттану (cultural studies) саласындағы ең ықпалды тұлғалардың бірі болып Стюарт Холл есептеледі; ол 1968-1979 жылдар аралығында Бирмингем орталығымен қатар әртүрлі жаңашыл зерттеулер мен байланыстарды басқарды. Бирмингем орталығы мәдениетті оның қалай дамитынын және оны қалай жақсартуға болатынын түсіну мақсатында зерттеді және заманауи мәдениетті сынға алды.

СТЮАРТ ХОЛЛ (1932-2014)





НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!

Орындаған: Сариева П.М.